

Султанмуратов Нуриддин Негматовичтың
«6D050500 – Аймақтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
«Қазіргі кезеңдегі Түркия Республикасының сыртқы саяси тұжырымдамасы»
тақырыбындағы диссертациясына
АҢДАТПА

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Бұл диссертациялық жұмыс Түркия республикасының 1923 жылы құрылған сәттен бастап бүгінгі күнге дейінгі сыртқы саясатының қалыптасуы мен эволюциясын талдауға арналған. Әрбір тарихи кезең аясында Анкараның халықаралық стратегиясының дамуындағы негізгі факторлар мен үрдістер қарастырылды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Екі мыңшы жылдардың басында билік басына Реджеп Тайып Ердоған келгеннен кейін Түркия әлемдік сахнада өзінің экономикалық және әскери-саяси мәртебесінің көтерілуі тұрғысынан түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Осыған байланысты көптеген сыртқы бақылаушылар Түркияның қазіргі басшылығының сыртқы амбицияларының параллельді өсуіне назар аударады, бұл республиканы қоршап тұрған аймақтың бүкіл геосаяси архитектурасына елеулі әсер етуі мүмкін. Сондықтан қазіргі Түркияның сыртқы саясатын зерттеу қалыптасып келе жатқан жаңа жаһандық құрылым аясында өте өзекті мәселе ретінде көрінеді.

Сонымен қатар, зерттеу тақырыбының маңыздылығы қазақ-түрік қарым-қатынастарының стратегиялық сипатымен де байланысты. 2009 жылдың қазан айында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға сапары барысында екі ел арасында стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылған болатын. Бұл оқиға Нұр-Сұлтанның сыртқы саясатында Анкараның зор құндылығын көрсетті. Тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен бастап қазақстандық көшбасшылар барлық негізгі халықаралық ойыншылармен сенімді байланыстар орнатуды көздейтін көпвекторлы бағытты жүйелі түрде қалыптастырып келуде.

Сонымен бірге, ортақ тарихи тамырластық, атап айтқанда, біртұтас түркітүлдес кеңістікке тиесілілік екі мемлекет арасындағы ерекше қарым-қатынастардың қалыптасуында әрқашан маңызды байланыстырушы фактор болып келеді. Кезінде Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін бірінші болып мойындаған дәл сол Түркия болған еді. Содан бері барлық секторлардағы ынтымақтастық белсенді түрде нығайып келуде.

Гуманитарлық салада өзара іс-қимыл ТҮРКСОЙ, Түркі академиясы, Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры және басқа да осыған ұқсас мамандандырылған органдар болып табылатын ұжымдық құрылымдар арқылы жүзеге асып отыр. Мәдени және ғылыми ынтымақтастық екіжақты келісімдер негізінде де қалыптасуда. Бұл жерде білім беру аспектісін ерекше атап өткен жөн. Қазақстанда «Білім-Инновация» лицейлері атауымен беделі өте жоғары

мектептердің кең желісі жұмыс істейді. Сонымен қатар Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы университет және Алматы облысында орналасқан СДУ секілді серіктес университеттердің де жұмысын атап өту керек.

Анкара мен Нұр-Сұлтанның жақындасу процесі экономикалық байланыстардың тереңдеуіне тікелей әсер етті. Бүгінде Түркия Қазақстанның бес ірі сауда серіктесінің бірі болып табылады. Украина-Ресей соғысы төңірегіндегі соңғы оқиғалар аясында Қазақстан Республикасы үшін жүк тасымалдау бағыттарын одан әрі әртараптандырудың маңыздылығы артып отыр. Осыған байланысты Түркия аумағы арқылы өтетін транскаспий дәлізі өте перспективті бағыт ретінде қарастырылады. Бұл жәйтті президент Тоқаев 2022 жылдың мамыр айында Түркия астанасында Ердоғанмен ресми кездесуінде айтқан болатын.

Бірлескен экономикалық және гуманитарлық жобалар саяси байланыстарды нығайту үшін негіз болды. Бұл тұрғыдан 2021 жылдың күзінде Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің толыққанды ұйымға айналуы айтарлықтай маңызды оқиға. Осылайша, түрік векторы барған сайын қазақстандық сыртқы саяси теңгеру тұжырымдамасының ажырамас құрамдас бөлігіне айналуға.

Жоғарыда айтылған мәселелер аясында Қазақстан Республикасында Түркия тақырыбы бойынша сапалы аналитикалық еңбектер шығарудың елеулі жетіспеушілігінің проблемасы өзекті болып отыр. Мұндай кемшілік ең алдымен қозғалып отырған мәселеге байланысты өзіндік көзқарасты қалыптастыруды қиындатады. Бұл жағдайда Түркияның сыртқы саясатын талдау мен болжау көбіне шетелдік авторлардың қорытындыларына негізделеді. Өз кезегінде олардың бағалауында идеологиялық уәждеме жиі көрініс табуы мүмкін. Сондықтан қазақстандық ғылыми қоғамдастықтың ұлттық мүддені ескере отырып, зерттеліп отырған мәселеге қатысты өз көзқарасын қалыптастыруы өте маңызды.

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде халықаралық тәртіптің өзгеруі жағдайындағы Түркия Республикасының сыртқы саяси тұжырымдамасы болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – Түркия Республикасының сыртқы саяси тұжырымдамасының эволюциясының теориясы мен тәжірибесін талдау негізінде қазіргі Түркияның сыртқы саясатының негізгі мақсаттарын жүзеге асырудағы басымдықтар, проблемалар мен мүмкіндіктерді анықтау.

Осы мақсат аясында автор негізінен диссертациялық жұмыстың өзектілігіне байланысы бар келесі **міндеттерді** қойды:

1. Халықаралық қатынастардың әртүрлі теорияларын талдау негізінде Түркия жағдайында өзекті болуы мүмкін мемлекеттің сыртқы саясатын зерттеудің негізгі тәсілдерін анықтау.

2. Президент Ататүріктің оқшаулану қағидасынан бастап екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы бейтараптыққа дейінгі Түркияның сыртқы саясатының эволюциясын зерттеу.

3. Қырғи-қабақ соғыс жылдарындағы Түркияның Батыспен жақындасуындағы сыртқы саяси стратегиясының өзгеруінің факторларын анықтау.

4. Президент Режеп Тайып Ердоған басшылығы кезеңіндегі елдің сыртқы саясатының эволюциясы шеңберінде Әділет және даму партиясының факторын зерттеу.

5. Халықаралық сахнадағы Түркияның мемлекеттік стратегиясының қалыптасуында неосманизм тұжырымдамасының рөлін анықтау.

6. Түркияның Батыспен қиын және күрделі сипаттағы қарым-қатынастарына әсер ететін факторларды анықтау.

7. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестіктің қазіргі жағдайын, мүмкіндіктері мен келешегін зерттеу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Диссертациялық жұмыста зерттелген мәселені талдау барысында автор мемлекеттің сыртқы саясатының әртүрлі аспектілерін зерттеуге бағытталған теориялық және әдіснамалық тәсілдер кешенін пайдаланды. Бұл тұрғыда геосаясат теориясы белгілі бір тарихи кезеңдерде Түркия Республикасының сыртқы саяси тұжырымдамасының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік беретін басты теориялық көзқарас ретінде айқындалады. Осылайша, Түркияның геосаяси орналасуы мемлекеттің сыртқы саяси стратегиясын әзірлеу мен жүзеге асырудағы шешуші факторлардың бірі болып саналады.

Түркияның сыртқы саяси тұжырымдамасын талдау барысында диссертациялық жұмыстың авторы неореализм және күштер тепе-теңдігі теорияларына жүгінді, олар Ердоған билігі кезеңіндегі Түркияның сыртқы саяси стратегиясының айтарлықтай өзгеруіне алып келген басты факторларды ашуға көмектеседі.

Сонымен қатар либерализм және өзара тәуелділік теориялары Анкараның бір мезгілде батыстық (НАТО-ға мүшелік, ЕО-ға кіру процесі) және шығыстық (ИЫҰ, түркі әлеміне қатысу) саяси, экономикалық және мәдени кеңістікте қалуға деген ұмтылысын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Мұнда салыстыру объектілері ретінде, бір жағынан, Түркияның ХХІ ғасырдағы сыртқы саясатының тарихы, екінші жағынан, елдің өткен кезеңдегі сыртқы саясатындағы процестер болды. Тағы бір әдіс әртүрлі сарапшылармен, негізінен қазақстандық мамандармен сұхбат алу болды. Түркия Республикасының сыртқы саяси тұжырымдамасына қазақстандық көзқарасты білу маңызды болып есептеледі, өйткені диссертацияда Түркияның Орталық Азия аймағына қатысты сыртқы саясатына да назар аударылған.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеу жұмыстың жаңалығын айқындайтын келесі ғылыми нәтижелерді ұсынады:

– қазақ тарихнамасында тұңғыш рет Түрік Республикасының қазіргі даму кезеңінде оның сыртқы саяси тұжырымдамаларына жүйелі және жан-жақты талдау жасалды.

– диссертация авторы қолданған теориялық әдістер (геосаясат, күштер теңгерімі секьюритизация) Түркияның еуразиялық мемлекет ретіндегі сыртқы саясаты қалыптасуының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл сипаттамалар кез-келген тарихи кезеңде өзінің өзектілігін жоғалтпайды және басқа да еуразиялық мемлекеттердің сыртқы саясатын сараптауда қолданыла алады.

- қазақ тарихнамасында тұңғыш рет тарихи ретроспектива шеңберінде Түркияның сыртқы саясатын жүргізуі мен қалыптасуын тұжырымдамалайтын факторлар сарапталды.

- өзгеріп жатқан геосаяси шынайылық жағдайында президент Ердоғанның неоосманизм идеологиясына автор өзінің жеке көзқарасын ұсынады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Диссертацияның практикалық маңыздылығы зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар мен ұсыныстарды аймақтық мемлекеттердің теориясы мен тәжірибесіне қатысты одан кейінгі зерттеулерді дайындау барысында пайдалану мүмкіндігінде. Диссертацияның материалдары екіжақты қарым-қатынастарды қалыптастыру бойынша Қазақстан Республикасының сыртқы саяси құрылымдарына қызығушылық тудыра алады. Диссертацияның материалдарын талдау орталықтары мен ҮЕҰ қызметкерлері пайдалана алады.

Қорғауға шығарылатын қағидалар.

1. Диссертациялық жұмыста қойылған мәселелерді сараптау барысында Түркия Республикасының оның Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде геосаяси орналасуымен айқындалатын сыртқы саяси тұжырымдамаларын жүзеге асыру мен қалыптасуындағы ерекшеліктерін ашатын геосаясат, күштер теңгерімі, секьюритизация секілді негізгі теорияларға сүйену керек. Бұл сипаттамалар Түркияның республикалық тарихындағы республика кез-келген кезеңін зерттеуде өзекті болып қала береді. Бұл тәсіл Түркиямен ұқсас параметрлері бар мемлекеттердің сыртқы саясатын зерттеудің әдістемесін әзірлеуге мүмкіндік береді, өз кезегінде бұл оның қайталанбалығын білдіреді (әдістеме).

2. Ататүріктен бастап Түркияның сыртқы саяси тұжырымдамаларының дамуын сараптау нәтижесі модернизациялану мен батыстандырудың негізгі бағыт екендігін көрсетті. Бұл батыс қоғамымен интеграциялануға ұмтылысты білдірді. Келесі басқарушы элиталар белгілі бір дәрежеде бұл ұстанымды қолдап отырды. Алайда президент Ердоған бұл бағыттан алыстап кетті. Бұл Түркияның сыртқы саяси стратегиясының өзгеруіне алып келуі мүмкін.

3. Ердоғанның негізгі идеологиясы/тұжырымдамасы ретінде неоосманизм болып табылады. Неоосманизмнің сипаттамасы оны неоимпериялық жоба ретінде анықтаудан бастап, Түрияның аймақтық және жаһандық деңгейде өзінің ықпалын табиғи кеңейту құралына дейін әр түрлі пікірталас туғызады.

Диссертация авторы Ердоғанның неоосманизмін Батыспен өзара әрекеттесуді сақтай отырып, жетекші аймақтық мемлекет мәртебесіне жетуге ұмтылыс ретінде қарастыру керек деп санайды.

4. Өзгеріп жатқан геосаяси шынайылық жағдайдында Түркиямен стратегиялық серіктестік Қазақстан үшін перспективалар ашады, бұл геосаяси, экономикалық, мәдени және өркениеттік тұрғыдан ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін білдіреді. Бұл геосаяси тұрғыдан түрік бағытының күшеюін, экономикалық тұрғыдан сауда байланыстары мен көлік бағыттарының әртараптандырылуын, мәдени-өркениеттік тұрғыдан алғанда түркі бірлігінің нығаюын білдіреді.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің апробациялануы.

Диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының отырысында талқыланды.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала жарияланды:

1. Public diplomacy and soft power of Turkey in Kazakhstan// Вестник КазНУ. Серия МО и МП. – 2019. – №2(86). – С. 16-25

2. COVID-19 пандемиясы және ИСЕСКО «цифрлық» перспективалары//Вестник КазНУ. Серия МО и МП. – 2021. – №3(95). – С.39-47

3. Перспективы турецко-американских отношений при президентстве Байдена// Вестник КарГУ. Серия «История. Философия». – 2021. – №3(103). – С.109-115

Scopus деректер базасына енген халықаралық ғылыми журналда 1 мақала жарияланды:

Kazakh-turkish lyceums: promotion of gulenism in Kazakhstan// Central Asia and the Caucasus. – 2020. – Vol.21 – ISS 2. – P.17-27

Диссертацияның құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.